

6D010300—«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған *Қыдырова Салтанат Рашидовнының «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары»* тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақстанның әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекегеқабілетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Қазіргі уақытта білім берудің жаңа ұлттық моделі деңгейінде өзекті мәселелерді шешуде болашақ педагогтардың шығармашылық қабілетін дамыту айрықша талапқа ие. Шығармашылық ойлаудың дамуы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуының негізі, бұл *біріншіден, екіншіден* шығармашыл тұлғаны мектеп қабырғасынан қалыптастырған дұрыс, ал *үшіншіден* балалардың шығармашылық тұрғыдан дамуына басым ықпал ететін болашақ педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту қажеттілігі арта түседі.

Осыған орай тұлғаның шығармашылық даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі.

Ағымдағы ғасыр білімді, жан-жақты дамыған, креативті ойлай алатын және рухани бай адамдарды қажет етеді. Осыған сәйкес қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ұстанымдарын сақтап, оны қазіргі күн талабына сай дамыта түсу, сыни, шығармашылық тұрғыда ойлау арқылы әрекет етуді үйрету – заман талабы.

Бүгінгі күнде кез-келген білім беру бағдарламалары студенттерінің шығармашылық ойлауын қалыптастыру жаңа көзқарастарды, жаңа әдістерді, жаңа білімді талап етеді. Осы орайда Қыдырова Салтанат шығармашылық ойлау бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуының негізі, деп тұжырымдап, өзінің зерттеу объектісін жан-жақты зерттеп, өз ойын түсінікті етіп, шығармашылықтың ерекшеліктерін нақты сипаттаған, шығармашылықтағы қарама-қайшылықтардың болуы; әлеуметтік және жеке адамға деген мәннің болуы; шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы; шығармашылық тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы; нәтиженің жаңалығы. С.Р. Қыдырованың зерттеу проблемасының өзектілігін анықтайды. Осы айтылғандарға сәйкес ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

Салтанат Кыдырова зерттеу барысында шығармашылық ойлауды дамытуда қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау, теориялық негіздеу, эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.), математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздері анықталды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі экспериментте тексерілді.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

С.Кыдырованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында (квартиль-2, процентиль-56), Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.


Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтауда теориялық және эмпирикалық зерттеу жүргізу барысында да докторант зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты.

Кыдырова Салтанат Рашидовнаның диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесшісі,

**психология ғылымдарының
докторы, профессор**



15.01.2021